# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қазандағы N 1237 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 қаңтар N 112

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы Займ туралы келісімнің күшіне енуіне арналған шарттарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қазандағы N 1237 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

6-тармақта:

"министрлігінің жанындағы Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасын жүзеге асыру жөніндегі Топқа" деген сөздер "министрлігіне" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Облыстардың әкімдеріне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен жерді суландыру және дренаж жүйелерін қайта құруға салынған инвестициялық шығындардың үлесін республикалық бюджетке қайтару жөніндегі ішкі несие келісімін жасасу ұсынылсын";

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

4-тармақта:

бірінші абзацта:

"министрлігінің жанындағы Жобаны жүзеге асыру тобы" деген сөздер "министрлігі" деген сөзбен ауыстырылсын;

10-тармақта:

"қаражаттың" деген сөз "Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі займы мен бірлесіп қаржыландыру қаражатының" деген сөздермен ауыстырылсын және "мөлшерінде" деген сөзден кейін "қосымша құн салығы есепке алынбай" деген сөздермен толықтырылсын.

Ескерту. 6-абзацы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2005.06.03. N 557 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК